

Грамматикалық ұғымдар

Тіл – таңбалар жүйесінен тұрады. Тіл дыбыстары тіркесе келе сөздерді, сөздер тіркесіп сөйлемдерді құрайды. Сөйлемдер тізбегі арқылы ой жарыққа шығады. Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі осы таңбалардың жүйелі құрылым құрауымен байланысты. Өйткені тілдік таңбалар бейберекет тіркеспейді, жарыққа шығатын ой тілдік таңбалардың тіркесім заңдылықтары арқылы жүзеге асады. Тілдік таңбалардың осылайша жүйелі құрылым түзуін тілдің грамматикасы деп атаймыз.

Грамматика «тіл» және «сөйлеу» деп аталатын екі құрылымнан тұрады. Бұл құрылымдар тілдік заңдылықтардың тік (вертикалды) және көлбеу (синтагматикалық) бағыттағы құрылымдық жүйесіне, тілдік қатынастарға негізделеді. Тік бағыттағы құрылымдық жүйе (парадигматикалық қатынас) арқылы тілдік таңбалар деңгей (лексика, фонетика, морфология, сөзжасам, синтаксис) құрайды және әр деңгей бірліктері ортақ сипаттары арқылы топтарға, категорияларға бірігеді. Көлбеу бағыттағы құрылымдық жүйе (синтагматикалық қатынас) тілдік таңбалардың тіркесім заңдылығы арқылы ойды жарыққа шығарудың, актуалдандырудың амалы болып табылады. Олай болса, тік бағыттағы құрылымдық жүйе «тілмен», көлбеу бағыттағы құрылымдық жүйе «сөйлеумен» тікелей байланысты.

Грамматикадағы ұсақ бірліктерді жүйеге, яғни тілге, ал аяқталған ойды білдіретін сөйлемді сөйлеуге (речь) жатқызудың логикалық негізі бар. Кез келген лингвистикалық теория тілдік зерттеудің бастау нүктесі ретінде тіл мен сөйлеудің біріне негізделеді.

Тіл – потенциалды таңбалар жүйесі, ол өзінен-өзі қозғалысқа түспейді. Ол әр адамның, әр тілдік тұлғаның жадында сақталады. Ол қайнап жатқан өмірден сырт тұрады. Оның таңбалары мен ережелері көптеген фолианттарда жазулы, осы тілді білгендер үшін, тарих үшін сақталады, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Сөйлеу – бұл әрекет, тілдің өнімі, әрекет етуінің нәтижесі. Адамдардың әрекеті әрқашан жағдаятқа негізделеді, оның белгілі бір мақсаты болады, қандай да бір әлеуметтік және жекелей мәселелерді шешуге бағытталады. Сөйлеу әрекеті де сондай.

Тіл – тұрақтылыққа ұмтылады, тұрақтылықты қалайды, оның артқа тартушылық қасиеті басым, өйткені ол жаңалықты бірден қабылдамайды. Тек сол тілді қолданушы мен тұтынушылардың қысымымен ғана өзгереді. Қайнаған өмірмен тікелей қарым-қатынаста болатындықтан, сөйлеу еркіндікке жол береді. Жаңа сөздер, фонетикалық және грамматикалық ауытқулар осында пайда болады. Олар жалпы халық қабылдамайтын оккозионалды болып, тез жоғалып кетуі де, немесе бекіп, біртіндеп жүйеден орын алуы мүмкін.

Дәстүрлі грамматикада тілді зерттеу оны сипаттап және жүйелеумен ғана шектеледі. Сондықтан да «таңбанегізді» дәстүрлі грамматиканы жүйелі-құрылымдық грамматика деп атайды. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысы сала-сала жүйелерден құралады. Дәстүрлі грамматикада сөздер ірі-ірі топтарға (атауыш сөздер, көмекші сөздер) бөлініп, олар өз ішінде

лексикалық мағыналарының жалпылануына қарай сөз таптарына ажырап, сөз таптары іштей морфемалар жүйесіне, категорияларға жіктеледі, үлкен жүйелер кіші желілерге тарамданып, бір-бірімен сабақтасып жатады. Ал бұл жүйелердің тұтастығы сол жүйелерге тән ортақ заңдылықтарға негізделеді.

Тілдегі үлкен жүйелерден бастап кіші жүйелерге дейін топтастырудың негізі болып табылатын тектік және түрлік ұғымдарға негізделеді. Жалғыз түр топ құрамайды, сол сияқты ұқсас ұғымдар болмаса, топқа бірікпейді. Тіл – таңбалар жүйесі болғандықтан, санадағы ұғымдар тілдік мағына және сол мағынаны белгілейтін тұрпаттан тұрады. Грамматикадағы тілдік құбылыстар олардың мазмұн межесі – грамматикалық мағынасы мен тұрпат межесі – грамматикалық форманы арқау етеді. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың тектік және түрлік ұғымдарға негізделген жүйесі грамматикалық категория ұғымын тудырады.

Сонымен, қазақ тілінде аталған **грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория** ұғымдары өзара бірлікте, бірімен-бірі сабақтасып, тілдің грамматикалық құрылысын құрайды, ал жекелеген грамматикалық құбылыстар мен жүйелер осы ұғымдардан туындайды.